

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ПРИКАЗ

2023 жылғы «20» 09
года

№ 398

«___» ___ 20__

Ақтөбе қ.

г.Ақтөбе

Облыстың білім беру ұйымдарында
(мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім)
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу
туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы
19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізілсін.

2. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлімі:

2.1. ҚР Оқу –ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» (әрі қарай – Бағдарлама) (№1 қосымша), мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың (№3 қосымша) Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларының назарына жеткізуді және Бағдарламаның облыста толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары:

31. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын.

4. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары:

4.1. Бағдарлама мен жоспарларды меншік түріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін.

5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145, сәйкесінше облыстық білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрықтарының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Ж. Сұлтан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫ

№1 «Еркетай» Алға
бөбекжай-балабақшасы МКҚК
030200 Ақтөбе облысы,
Алға қаласы
С.Сейфуллин көшесі 22 А
тел: 4-20-05
e-mail: a_det-sad@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АЛГИНСКИЙ РАЙОН

ГККП Алгинский детский
ясли-сад №1 «Еркетай»
030200 Актюбинская область
город Алга
улица С.Сейфуллина 22 А
тел: 4-20-05
e-mail: a_det-sad@mail.ru

**№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы бойынша
БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ
№ 01-07/45**

Алға қаласы

21.09.2023 жыл

§2

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі №294 бұйрығын, Ақтөбе облысының білім басқармасының 20.09.2023 жылғы №398 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақшада 2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілсін.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жұмыс жоспары жасалынып, бекітілсін.
3. Бұйрықтың орындалу жауапкершілігі әдіскер Н.Шағановаға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі:
Таныстым:



Ш.Таженова